

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

23 шілде 2014 г.

Орталық Қазақстанда уытты заттармен ластану:

ЕО қаржыландыратын жоба маңызды проблемаларды және адам денсаулығы үшін қауіпті анықтайды

АСТАНА / ПРАГА - 7 тамыз 2014 жыл, «Қазақстан уытты заттарсыз» халықаралық конференциясы Астанада қолданыстағы проблемалардың шешілуіне қатысатын барлық деңгейдегі сарапшылардың қатысуымен өтеді. Өзендер мен топырақтың, азық-түлік пен тіпті балалар алаңының ластануы Қазақстанның орталық ауданының бірнеше қалаларының халқына қауіп төндіріп отыр. Жаңа деректер қазақстандық және чех үкіметтік емес ұйымдардың «Қазақстанда химиялық қауіпсіздікті жақсарту бойынша азаматтық қоғамның құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту» жобасының шеңберінде алынды, ЕО 247,834 евро көлемінде қаржыландырды. Жақын аптада сарапшылар тобы Теміртау, Балқаш, Екібастұз тұрғындары мен Нұра өзенінің бойындағы ауыл тұрғындарын ластану дәрежесі мен олардың денсаулығын қорғау шаралары туралы хабардар етеді.

«Қазақстан азаматтары су, ауа мен азық-түліктің ластануы болып жатқанда жасыл экономикаға көшіп, өркендеп, гүлдене алмайды. Біздің елімізде бұрыннан келе жатқан экологиялық проблемалар бар, кейбір компаниялардың байыпсыздығынан қазіргі уақытта жаңа қауіп пайда болды. Біз, мемлекеттік, аймақтық және жергілікті атқарушы билікпен, сарапшылармен және зардап шеккен азаматтармен бірлесе отырып шара қабылдауымыз қажет», - дейді Дмитрий Калмыков, «Қарағанды Экологиялық Мұражайы» НПО директоры.

"Еуропалық мемлекеттердің тәжірибелері Қазақстан үшін прогрессивті технологияларды іске асырып, қоршаған орта мен жергілікті халықтың денсаулығы, экономикалық даму арасында теңгерілім табуға ықпал етеді. Сәйкес ақпаратқа қол жеткізу бұл жағдайдың маңыздылығын түсінудің алғашқы қадамы болып табылады», - дейді Йиндрих Петрлик, Чех НПО «Арника» директоры – Уытты заттар мен қалдықтар бойынша бағдарламалар.

Конференция Қазақстандағы ЕО Өкілеттігінің конференция залында өтеді (Астана, «Каскад» бизнес орталығы, Космонавтов көш., 62, 14-інші қабат. Алдын-ала тіркелу қажет). Қоршаған ортаның ластануы туралы жаңа деректердің тұсаукесері Екібастұзда (24 шілде), Балқашта (31 шілде), Нұрада (4 тамыз), Теміртауда (6 тамыз) өтеді.

Қосымша ақпарат үшін: Вратислав Возник (Арника), vratislav.voznik@arnika.org, моб. +420 606 727 942, тел./факс +420 222 781 471, Алена Панкова (жобаның Қазақстандағы үйлестірушісі), a7pankova@gmail.com, моб. +7 7015 384 917, тел./факс +7 721 241 3344, немесе Қазақстан Республикасындағы ЕК Өкілдігінің жұртшылықпен байланысы бойынша жауапты Карла Жаманкуловаға karlygash.jamankulova@ec.europa.eu электрондық пошта арқылы хабарласуларыңызды өтінеміз.



Бұл жоба Арника ұйымымен іске асырылады

Arnika – Toxics and Waste Programme, Chlumova 17, 130 00 Prague 3 The Czech Republic
Tel./fax: +420 222 781 471
e-mail: arnika@arnika.org



Бұл жоба Еуропа Одағының Қазақстан Республикасындағы өкілдігімен қаржыландырылады
Космонавтов көш., 62 үй
Астана 010000
Тел.: (7172) 97-10-40
Факс: (7172) 97-95-63



Еуропа Одағы өздерінің технологияларын, ресурстары мен тағдырларын біртіндеп бірлестіруге шешкен 28 мүше мемлекеттермен құрылған. 50 жылға созылған бірігу барысында олар бірлесіп тұрақтылық, демократия мен тұрақты даму аймағын құрып, сонымен бірге мәдени түрлілігін, төзімділік пен жеке бостандықтарын сақтады. Еуропа Одағы шекарасынан тыс барлық елдер мен халықтармен өз жетістіктері мен құндылықтарымен бөліседі.

